Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Қорытынды оқу-қызметі: "Блім патшалығы"

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.04.2019 | https://bilimger.kz/55843/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

---

**МКҚК «Құлыншақ» балабақшасы**

# «Білім патшалығы»

**Қорытынды сабақ**

**Білім облысы: Таным, қатынас, әлеуметтік,**

**Білім бөлімі: Сауат ашу, қарапайым матемтикалық ұғымдарды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру.**

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Тақырыбы: «Білім патшалығы»**

**Мақсаты: Балаларға жыл бойы өтілген оқу қызметтеріне байланысты тапсырмаларды бере отырып, білім-білік дағдыларын сараптау. Ойындар арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.**

| Оқу-қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалар назарын қонақтарға аударады.<br>«Шаттық шеңберін» өткізу<br><br>-Балалар , бүгінгі күнімізге сәттілік тілеймін.<br>-Балалар, бір жылда неше жыл мезгіл бар?<br>Қане кім атайды,жыл мезгілдерін.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>Атап бере қойыңдар.<br>Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?<br>Ал кеше аптаның қай күні болды?<br>Ал ертең аптаның кай күні болады?<br><br>Жарайсыңдар,балалар. | Балалар сәлемдеседі.<br><br>Құлыншақ атты бақшаның<br>Тәрбиелі баласы<br>Алдыменен қонақпен<br>Амандасып алады.<br>Сәлеметсіздер ме,<br>Здравствуйте,<br>Хэлло!<br>Дос болып біз жүрейік<br>Ойнайық та күлейік<br>Достық деген тамаша<br>Міне тұрмыз жараса!<br><br>Рахмет!<br><br>Бір жылда төрт мезгіл бар<br><br>Қыс,Көктем,Жаз,Күз мезгілдері<br><br>Қазір жылдың көктем мезгілі<br>Бір аптада 7 күн бар<br>Апта күндерін атайды<br>Бүгін аптаның екінші күні Сейсенбі<br>Кеше аптаның 1-ші күні Дүйсенбі<br><br>Ертең аптаның үшінші күні Сәрсенбі |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру.<br>Ізденушілік | -Балалар, бүгін ерекше күн. Біз бүгін «Білім патшалығына» келдік.<br>Қандай әдемі балалар.<br>Бұл жерде көптеген сұрақтар,тапсырмалар,жұмыстар болады.Осылардың барлығын орындауларыңыз керек.<br>Қане ендеше тапсырмаларды орындап көрейік.<br>Орындаймыз ба?<br><br>1-ші тапсырма:<br>Біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>Қазақстан қандай мемлекет?<br><br>Елордамыз қай қала?<br>Біз қай қалада тұрамыз?<br>Ұлтымыз не?<br>Қазақстан туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br><br>2-тапсырма:<br>1-10 ға дейінгі сандарды тура және кері сана. Үш тілде<br>Санамақ білесің бе?<br>Салыстыр.<br>-геометриялық пішіндер мен денелер арқылы кеңістікті бағдарлау (интерактивті тақтада):<br>-Ортада не орналасқан?<br>-Дөңгелектің үстінде?<br>-Дөңгелектің астында?<br>-Оң жағында?<br>-Сол жағында?<br>Өз орнын табуға көмектес<br>Логикалық ойын<br>Логикалық есеп шығар<br>—<br><br>Келесі логикалық есептерді шығаруын ұсынады:<br>1.-Табақта – үш алма,<br>Қолымда -екі алма.<br>Қосқанда барлығын,<br>Болады неше алма?<br>2. -Аспанда неше күн бар?<br>3.-Бағдаршамның қанша көзі бар?<br>4. Өрісте 5 қозы жайылып жүрді 3 қозы өзенге су ішуге кетіп қалды<br>Өрісте неше қозы қалды?<br>Бір есікте неше тұтқа бар?<br>2 аюдың неше құйрығы бар?<br>Бір қолда неше саусақ бар?<br><br>Суретке қарап құрастыр<br><br>Арттық сөзді тап:<br>1к.Қосу,азайту,жұма,тең болады,артық.<br>Аяз,боран,қаңтар<br>Кітап,қалам, жіп, өшіргіш.<br>Алма,жүзім,сүт,банан<br><br>3- тапсырма<br>-дыбыс туралы айтып бер<br>Үнтаспадан әртүрлі дыбыстар шығады.<br>-Балалар бұл не?<br>-Дыбыс деген не?<br>-Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br><br>-Дауысты дыбыс қалай айтылады?<br><br>— Оларды қандай түспен белгілейміз?<br>-Дауыссыз дыбыс қалай айтылады?<br>-Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз?<br>— Әріп деген не?<br>Жарайсыңдар!<br>Қазақ алфавитінде неше әріп бар?<br><br>« Сиқырлы әріптер» ойыны.<br>Кубикті лақтырып, қандай әріп түссе сол әріптен басталатын сөз ойлап, сөйлем құрастырып буынға бөлуіңіз керек.<br>4-тапсырма:<br>«Сурет бойынша әңгіме құрастыр»<br>Табиғат туралы көрініс<br>«Ертегілер елінде» ойыны<br>Ертегі кейіпкерлер суреті бойынша бұл қай ертегі екенін айтып беру. | Біз Қазақстан мемлекетінде тұрамыз.<br>Қазақстан тәуелсіз мемлекет.<br><br>Біздің елордамыз Астана қаласы.<br>Біз Форт-Шевченко қаласында тұрамыз.<br>Ұлтымыз қазақ.<br><br>СезімҚ: Қазақстан халқымның<br>Қазақ тілі-тірегі<br>Ана тілде айтылар<br>Әнұраны жүрегі<br><br>АқеркеС:<br>Біз Отанның гүліміз<br>Туған жердің нұрымыз<br>Тәуелсіз біздің еліміз<br>Қазақстан бай жеріміз<br>Балалар санайды.<br><br>Дөңгелек<br>Сопақша<br>үшбұрыш<br>төртбұрыш<br>Тіктөртбұрыш<br><br>Барлығы 5 алма<br>1 күн бар<br>3 көзі бар<br><br>2 қозы қалды<br><br>Жұма сөзі артық<br><br>Қаңтар сөзі артық<br>Жіп сөзі артық<br>Сүт сөзі артық<br><br>-Бұл дыбыстар.<br>-Дыбысты біз естиміз.<br>-Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстар.<br>-Дауысты дыбыс әндетіп, созылып айтылады.<br>-Қызыл түспен.<br>-Дауыссыз дыбыс кедергіге ұшырайды.<br><br>-Көк түспен.<br>Әріпті біз көреміз, айтамыз, жазамыз.<br>Әртүрлі сөздер айтады.<br>42 әріп бар<br>Ә,і,ң,ғ,ү,ұ,қ,ө,<br>—<br><br>Балалардың жауабы<br><br>Балалар қай ертегі екенін айтып береді |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Балалар біз қайда келдік. Қандай тапсырмалар орындадыңыздар Сіздерге ұнады ма?** | **Балалардың жауабы** |

## Күтілетін нәтижесі:

## Орындайды: берілген тапсырмаларды орындайды

## Түсінеді: ойын шарттарын түсінеді

## Қолданады: жыл бойы алған білімдерін көрсете алады

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.